Лиза Ертасқызы БӨЛЕКБАЕВА
(85 жасқа толу қарсаңында)

Бөлекбаева Лиза Ертасқызы биология ғылымының докторы, профессор 1931 жылы 20 қарашада Қызылорда облысының Қазалы қаласында дүниеге келді.

1949 жылы Алматы облысы Іле елді-мекенінің орта мектебін алтын белгімен бітірді. 1954 жылы Қазақ мемлекеттік университетін үздік дипломмен тәмамдады. Осы жылы Қазақ ССР ҒА Физиология Институтының аспирантурасына түсіп, Л.Е.Бөлекбаева 1958 жылы кандидаттық, 1972 жылы докторлық диссертациясын қорғап, ал 1984 жылы профессор атағын алды. 1974 жылы салыстырмалы физиология, қазіргі лимфа жүйесі физиологиясының лабораториясының меңгерушісі болып тағайындалды. Л.Е.Бөлекбаеваның барлық ғылыми еңбектері институттың негізгі бағыты – лимфа жүйесінің физиологиясымен байланысты. Лимфа айналымның дамуында жүйкелік реттелудің маңызы зор екендігін өз еңбегінде ғылыми түрде дәлелдеді. Лимфа және қан айналымның жүйесін реттеуде, лимфа айналамның орталық реттелуі және орталық ми қыртысы мен ми қабатының білгілі бір заңдылықтарда жүретіндігі байқалды. Жаңа теориялық тұжырымдар мен концепциялар ғалымның “Лимфа айналымның ретелуінде бас миының қыртысы мен мишықтың маңызы” (Алматы, «Ғылым», 1974), “Лимфа айналымның жүйкелік реттелуі” (Алматы, «Ғылым», 1980), атты өз ғылыми еңбектерінде және авторлар бірлестігімен “Физиология бойынша нұсқаулар” (Ленинград, «Наука», 1984), “Адам физиологиясы” (Москва, «Медицина», 1985) жинақтарында көрінеді.

Л.Е.Бөлекбаеваның қажырлы еңбегінің арқасында ғылыми зерттеу институтында жаңа ғылыми бағыт – лимфа жүйесінің салыстырмалы физиологиясы пайда болды. Бұл бағытта “Лимфа жүйесінің салыстырмалы физиологиясы” (Алматы, «Ғылым», 1985) атты монографиясы жарық көрді. Ш.М.Жумадина, Л.Е.Бөлекбаева “Омыртқалы жануарлардың филогенезінде лимфо- және гемодинамиканың реттелу жолдарының дамуы” (Алматы, «Медиа-Пресс», 2007). Сонымен қатар, автордың бірлесе шығарған С.Н.Әбдірешов, Л.Е.Бөлекбаева «Қазақша-орысша, орысша қазақша. Терминологиялық сөздік. Физиология» жарыққа шықты (Алматы, 2012).

Л.Е.Бөлекбаеваның жетекшілігімен артериялық гипертензия кезінде лимфа жүйесінің маңызы, қан айналымы бұзылуы және веноздық жетіспеушілік, фило- және онтогенез кезінде лимфа жүйесінің дамуы, лимфодинамиканың ретелуінде вазоактивті заттардың әсері, ми-жұлын сұйықтығы мен лимфа жүйесінің функционалдық байланысы бойынша ғылыми жұмыстар жүгізілді. Л.Е.Бөлекбаева шала туған балалардың сулы-тұзды тепе-теңдігінің реттелу механизмі және ісінудің

алдын-алу жағдайларын тежеу әдістері бойынша ҚР ДМ педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығымен бірлесе жүргізген ғылыми зерттеу жұмыстарының маңызы зор. Бұл сала бойынша "Жаңа туған балаларды роцефинмен емдеу кезіндегі сулы-тұзды тепе-теңдіктің жағдайы" (информациялық хабарлар. А.: 2006) атты ғылыми әдістемелік нұсқауы жарық көрді.

Лимфа жүйесінің физиологиясы лабораториясының ұжымы профессор Л.Е.Бөлекбаеваның жетекшілігімен қазіргі таңда ортаның экстремалдық факторлардың әсерінен лимфа жүйесінің реттелу механизмі және оның компенсаторлық маңызы бойынша ғылыми жұмыстар жүргізуде. Бұл сала бойынша «Қазақстан Республикасындағы ғарыштың дамуы» атты жоба бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізді. Салмақсыздықты физиологиялық моделдеу кезінде, лимфа түйіндерінің жиырылу активтілігі мен лимфаның тасымалдау қызметінің зерттелуі физиология мен лимфологиядағы жаңа бағыт болып табылады. Бұл мәселер бойынша «Қазақстан Республикасының космос саласы бойынша ғылыми және инновациялық жағдайы мен болашағы» және «Егеменді Қазақстан: ғаршыш қызметінің 15-жылдық даму жолы» атты конференцияларда баяндамалар жасалынды.

Ғарыш саласындағы еңбектері РҒА Медико-биологиялық мәселелер институтының жетекші ғалымдарымен бірлесе жасаған жұмыстарының маңызы зор. Осы бағытта 2013 жылы лаборатория ұжымы Л.Е. Бөлекбаеваның жетекшілігімен халықаралық деңгейде грант жобасын ұтып алды. Бұл кезеңде байқоңыр ғарыш айлағынан, 2013 жылы сәуір айында «Ресейлік КА Бион-М №1» биоспутнигі бортында биоматериалдардың ұшу кезіндегі жануарлардың лимфоидтық ұлпаларына салмақсыздықтың әсері зерттелінді. Бұл жұмыстың нәтижелері әртүрлі ғылыми конференциялар мен симпозиумдарда (Сочи, Мәскеу) баяндалды, әрі талқыланды.

Ғалымның жетекшілігімен лаборатория қызметкерлері әртүрлі токсикантардың (ауыр металдар мен органикалық улар) ағзаға, қан мен лимфа жүйесіне әсері және олардан сақтану, яғни алдын-алу жолдарын қарастыруда.

Профессор Л.Е.Бөлекбаева Қазақстанның ғылымын көптеген халықаралық конгрестерде және конференцияларда Париж, Будапешт, Санкт-Петербург, Сочи, Новосибриск және де көптеген елдерде дәріптеуші болып саналады.

Л.Е.Бөлекбаеваның 350 ғылыми еңбектері жарық көрген, оның ішінде 3 монографиалық жинақ, 4 ұсыныс, 6 авторлық куәлік бар. Тәжірибелі ұстаз 20 ғылым докторы мен кандидатын даярлаған. Шәкіртері алыс-жақын шет елдерде, еліміздің әр облыстарында жоғары оқу орындарында және ғылыми зерттеу институттарында жемісті еңбек етіп келеді. Л.Е.Бөлекбаева әлі де болса сол шәкірттеріне өзінің көмегін, ақылын, әртүрлі ғылыми ой-пікірлерімен бөлісіп, көмектесіп келеді.

Л.Е.Бөлекбаева ғылыми жетістіктерін ТМД елдері және шет елдерде жақсы таныс. Ол 1981-1991 жылдар КСРО ҒА ғылыми кеңесінің ішкі жүйелердің физиологиясы мүшесі, КСРО ҒА Проблемалы комисияның «Қан- және лимфа айналымының физиологиясы» бойынша мүшесі, «Лимфа айналым» бойынша жұмыс комиссияның төрайымы болды. Қазіргі таңда Адам және жануарлар физиологиясы институты (Алматы) және Қырғыз мемлекеттік медицина академиясының (Бішкек) арнайы кеңестерінің мүшесі. Ұзақ жылдар бойы «Физиология» бойынша лаборатория аралық теориялық семинардың жетекшісі.

Лиза Ертасқызы өзінің қазақстандық лимфология мен физиология саласы бойынша салыстырмалы физиологтар мектебін құрды. Л.Е.Бөлекбаева ғылыми жетістіктері үшін «Құрмет Белгісі» орденімен (1976), Қазақстан ҒА мен Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің құрмет грамотасымен марапаталған.

Л.Е.Бөлекбаева көрнекті ғалым болумен қатар үлгілі жанұя иесі. Жолдасы Т.Қ.Құттымұратов екеуі ағайын-туыс, дос-жарандары мен әріптестерінің арасында үлкен сый құрметке ие болған бақытты жандар. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырған, немере, шөбер сүйіп отырған бақытты, отбасының жылуын жандырған еліміздің мақтанышты болатын жанұя. Бүгінде еңбегімен ғылым мен білім саласына үлкен үлес қосқан, тәлімгер, жетекші, еліміздің көрнекті ғалымдарының бірі Л.Е.Бөлекбаева өмірінің 85-ші белесіне толағай табыспен, асқақ аброймен жетір отыр. Лаборатория ұжымы мен шәкірттері мерейтой иесіне зор денсаулық, ұзақ өмір, отбасының қызығын көре беруге, бақыт пен қуаныш, сәттілік және шығармашылық табыс тілейді.

Ізгі ниетпен шәкіртері атынан
Әбдірешов С.Н., Балхыбекова А.О.